

Жауапкершілігі шектеулі

серіктестік

«АлтынLand»

БСН 230740032634

090010, Орал қаласы, Деркөл а.,

Жаяу Муса көшесі, 2 үй

Телефон 8701 386 81 55

Товарищество с ограниченной

ответственностью

«АлтынLand»

БИН 230740032634

090010, город Уральск,

п.Деркул, ул. Жаяу Муса, д.2

Телефон 8701 386 81 55

Бұйрық №5

01.09.2026 ж.

§2. Педагогикалық кеңеске қатысушы құрамын бекіту туралы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 16.05.2008 жылғы №242 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «АлтынLand» бөбекжайы бойынша 2026-2027 оқу жылына келесі құраммен педагогтар педагогикалық кеңеске қатыссын:

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

«АлтынLand» бөбекжайының меңгерушісі А.А.Мусаева

Педагогикалық кеңестің хатшысы: А.К.Сельбаева

Мүшелері:

Ж.Бақытжанқызы

Д.Т.Исаева

А.Қ.Есетова

Қ.Иманғалиқызы



«АлтынLand» бөбекжайы меңгерушісі

А.А.Мусаева

Таныстырылды:

Қ.Иманғалиқызы

Ж.Бақытжанқызы

Д.Т.Исаева

А.Қ.Есетова

А.К.Сельбаева



Бекітемін:

М. А. Мусаева

«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

«Алтынland» бөбекжайының 2026-2027 оқу жылына педагогикалық кеңесінің жоспары

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	Тақырыбы: «2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағыттары: сапа, инновация және баланың әл-ауқаты» Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың басым бағыттарын айқындау, тәрбие-білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру және заманауи технологияларды тиімді қолдануға бағыт беру. Күн тәртібі: 1.2026–2027 оқу жылындағы білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен басым міндеттер. Менгеруші: 2.2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер. Менгеруші: 3. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді талқылау және бекіту. Әдіскер: 4.Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру құжаттарын қарау және бекіту. Әдіскер: 5. «Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі» Тәрбиеші: 6.Педагогикалық тренинг: «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік» Педагог-психолог: 7. Әр түрлі мәселелер	тамыз	менгеруші, әдіскер, педагогтер
II	№2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Баланың танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытудағы инновациялық педагогикалық технологиялар» Мақсаты: Балалардың зерттеушілік, логикалық, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін	қараша	менгеруші, әдіскер, шығармашылық топ мүшелері, тәрбиешілер

	дамытуда заманауи технологияларды тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіру. Күн тәртібі: 1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2. «Жасанды интеллект мүмкіндіктерін мектепке дейінгі ұйым жағдайында тиімді пайдалану» Әдіскер: 3. «STEAM элементтері арқылы баланың зерттеушілік қабілетін дамыту» Тәрбиеші: 4. «Робототехника және құрастыру ойындары – баланың логикалық ойлауын дамыту құралы» Тәрбиеші: 5. «Ойын арқылы креативті және сыни ойлауды дамыту» Тәрбиеші: 6. Практикалық бөлім: «Бір идея – бір цифрлық өнім» Педагогтердің ЖИ көмегімен дидактикалық ойын, көрнекілік, ертегі немесе танымдық тапсырма әзірлеуі. 7. Тәжірибе алмасу: «Мен қолданған тиімді әдіс» педагогикалық идеялар алаңы.		
III	Тақырыбы: «Бала – отбасы – балабақша: әлеуметтік-эмоционалдық даму және сабақтастық» Мақсаты: Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту, ата-анамен тиімді серіктестік орнату және балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты нығайту. Күн тәртібі: 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы. 2. «Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау: педагогтің рөлі» Педагог-психолог: 3. «Отбасымен серіктестік орнатудың заманауи формалары» Тәрбиеші: 4. Ата-аналармен жүргізілетін үздік тәжірибелер жиынтығы. Тәрбиешілер: Тәрбиеші: 5. «Мектепалды баланың мектепке психологиялық және әлеуметтік дайындығы» Педагог-психолог / мектепалды топ тәрбиешісі. 6. Тренинг: «Баланы түсіну – оны қолдаудан басталады» 7. Практикалық жұмыс: Педагогтердің ата-анамен қиын жағдайларды шешу	ақпан	менгеруші, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

	бойынша жағдаяттық тапсырмаларды орындауы.		
IV	Тақырыбы: «Денсаулық, қауіпсіздік және экологиялық мәдениет – баланың өмірлік құзыреттілігінің негізі» Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамытуда тиімді педагогикалық әдістерді тәжірибеге енгізу. Күн тәртібі: 1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2. «Балалардың денсаулығын нығайтудағы шынықтыру және қимылды ойындардың тиімділігі» Дене шынықтыру нұсқаушысы: 3. «Цифрлық дәуірдегі баланың қауіпсіздігін қалай сақтаймыз?» Тәрбиеші: 4. «Балалардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары» Логопед: 5. «Жасыл балабақша» жобасының нәтижелері және экологиялық мәдениетті қалыптастыру тәжірибесі. Тәрбиеші: 6. «Табиғатты зерттеу арқылы баланың танымдық белсенділігін арттыру» Тәрбиеші: 7. «Баланың сахна мәдениетін қалыптастыруға арналған жаттығулар» Музыка жетекшісі: 8. Практикалық бөлім: «Қауіпсіз балабақша» – төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер бойынша педагогтердің практикалық жаттығуы.	наурыз	менгеруші, әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, логопед, тәрбиешілер
V	Тақырыбы: «Жетістікке жетелеген тәжірибе: 2026–2027 оқу жылының қорытындысы» Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі / қорытынды педагогикалық кеңес Мақсаты: 2026–2027 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім беру жұмыстарының нәтижесін саралау, педагогтердің кәсіби және шығармашылық жетістіктерін бағалау, тиімді тәжірибелерді анықтау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу. Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.	мамыр	менгеруші, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

	2.2026–2027 оқу жылының тәрбие-білім беру жұмысының қорытынды есебі. Әдіскер: 3.Балалардың даму көрсеткіштерінің қорытынды мониторингі. Танымдық, коммуникативтік, физикалық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық даму нәтижелерін талдау. 4.«Жылдың үздік педагогикалық идеялары» Педагогтердің авторлық әзірлемелері, инновациялық жобалары және тиімді тәжірибелерінің таныстырылымы. 5.«ЖИ және инновациялық технологияларды қолданудың нәтижелері» Жыл бойы енгізілген ЖИ, STEAM, робототехника және цифрлық құралдардың тиімділігін талдау. 6.Педагогтердің жылдық шығармашылық және әдістемелік жұмыстарының есебі. 7.Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы: ата-аналардың қанағаттану деңгейі, бірлескен жобалар, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстары. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық: жазғы сауықтыру жоспарын талқылау және бекіту. 9.2027–2028 оқу жылына арналған негізгі мәселелер мен ұсыныстарды айқындау. 10.Қорытынды тренинг: «Біз бірге өсеміз: нәтиже, тәжірибе, жаңа мақсат»		
--	---	--	--

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

Күні: «28» тамыз 2026 жыл

Өткізілген орны: «Алтынland»

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

«2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағыттары: сапа, инновация және баланың әл-ауқаты»

Мақсаты:

2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде белгіленген басым бағыттарды айқындау, тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру, заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, қауіпсіздігіне және эмоционалдық әл-ауқатына жағдай жасау.

Қатысқандар: педагогикалық ұжым – бадам

Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңес төрағасы: А.А.Мусаева

Хатшы: А.Қ.Сельбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2026–2027 оқу жылындағы білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен басым міндеттер.**
Баяндамашы: меңгеруші А.А.Мусаева
2. **2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер.**
Баяндамашы: меңгеруші А.А.Мусаева
3. **2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді талқылау және бекіту.**
Баяндамашы: әдіскер А.А.Мусаева
4. **Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру құжаттарын қарау және бекіту.**
Баяндамашы: әдіскер А.А.Мусаева
5. **«Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі».**
Баяндамашы: тәрбиеші Қ.Иманғалиқызы
6. **Педагогикалық тренинг: «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік».**
Жауапты: тәрбиеші А.Қ.Есетова
7. **Әртүрлі мәселелер.**

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші А.А.Мусаева 2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында белгіленген негізгі бағыттар мен міндеттерге тоқталды.

2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу жоспарларына, Үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру саласындағы басқа да стратегиялық құжаттарға сәйкес әзірленгені атап өтілді.

Баяндамашы жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің басым бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, балалардың қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру, ауызекі сөйлеуін дамыту, салауатты өмір салтына баулу, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, мектепте оқуға сапалы дайындықты қамтамасыз ету, экологиялық мәдениетті

қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты дамыту, буллингтің алдын алу, ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бағыттарының маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда қауіпсіз, жайлы және дамытушы ортаны қалыптастыру, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажеттігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Педагогтер жаңа оқу жылындағы басым бағыттарды талқылап, оларды күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру бойынша ұсыныстарын білдірді.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші А.А.Мусаева 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды талдау жасады.

Өткен оқу жылында тәрбиеленушілердің дамуына, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстардың нәтижелері сараланды.

Жыл бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстардың, педагогтердің кәсіби іс-шараларға қатысуының, балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Сонымен қатар алдағы оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар айқындалып, педагогтерге нақты міндеттер белгілеу қажеттігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер А.А.Мусаева өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелеріне тоқталып, педагогтердің шығармашылық бастамаларын одан әрі қолдау қажеттігін атап өтті.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер А.А.Мусаева 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді таныстырды.

Жылдық жоспарды әзірлеу барысында 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басым бағыттары негізге алынғаны айтылды.

Жылдық мақсаттарда тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, экологиялық мәдениетті арттыру, құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру, еңбекке баулу және мектепке сапалы даярлық бағыттарына басымдық берілгені түсіндірілді.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер А.А.Мусаева 2026–2027 оқу жылында педагогтер жүргізетін негізгі құжаттарды таныстырды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес жүзеге асырылатыны түсіндірілді. Перспективалық жоспар оқу жылына әзірленеді, ал циклограмма әр аптаға құрылады.

Циклограммада балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттері, серуен, күндізгі ұйқы және балалардың үйге қайтуына дейінгі күн тәртібі қамтылатыны айтылды.

Сонымен қатар мониторинг оқу жылында үш рет: бастапқы – қыркүйекте, аралық – қаңтарда, қорытынды – мамырда жүргізілетіні атап өтілді.

Педагогтерге құжаттарды сапалы, жүйелі және белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу қажеттігі түсіндірілді.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Тәрбиеші Иманғалиқызы Қ «Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында жасанды интеллектіні педагогтің кәсіби қызметінде тиімді қолдану мүмкіндіктері көрсетілді.

Атап айтқанда, ЖИ көмегімен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындалу, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер, презентациялар, жобалар, сценарийлер және ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар әзірлеу мүмкіндіктері қарастырылды. Әдістемелік нұсқау хатта жасанды интеллект педагогке осындай материалдарды әзірлеуде көмекші құрал ретінде қолданылуы мүмкін екені көрсетілген.

Сонымен бірге цифрлық технологиялар мен ЖИ құралдарын пайдалануда ақпараттың шынайылығын тексеру, академиялық адалдықты сақтау, жеке деректер мен авторлық құқықтарды қорғау қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Педагогтер ЖИ құралдарын оқу-тәрбие процесінде қолдану тәжірибелерімен бөлісіп, практикалық тұрғыда пайдалану жолдарын талқылады.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Тәрбиеші А.Қ.Есетова «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік» тақырыбында педагогикалық тренинг өткізді.

Тренингтің мақсаты – педагогтердің жаңа оқу жылына психологиялық дайындығын арттыру, ұжымдағы жағымды эмоционалдық ахуалды қалыптастыру, кәсіби ынтымақтастықты нығайту және әр педагогтің шығармашылық әлеуетін қолдау.

Тренинг барысында педагогтерге сергіту, топтық ынтымақтастық, өзін-өзі бағалау және жаңа мақсаттарды анықтауға бағытталған жаттығулар ұсынылды.

Педагогтер тренингке белсенді қатысып, жаңа оқу жылына қатысты өз мақсаттары мен кәсіби күтулерін ортаға салды.

7-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңес барысында оқу жылын ұйымдастыруға байланысты бірқатар мәселелер қаралды.

Педагогтердің ішкі еңбек тәртібін сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, топтардағы дамытушы ортаны жетілдіру, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге жаңа оқу жылында педагогтердің шығармашылық және әдістемелік бастамаларын қолдау, кәсіби байқаулар мен семинарларға қатысу, тәжірибені тарату жұмыстарына көңіл бөлу ұсынылды.

Педагогтер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныстар тыңдалды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Жоғарыда қаралған мәселелерді талқылай келе, педагогикалық кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026–2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттары және 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес ұйымдастыру.

2. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттер бекітілсін және олардың орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, эмоционалдық әл-ауқатын сақтау және салауатты өмір салтына баулу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Балалардың ауызекі сөйлеуін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін және коммуникативтік дағдыларын дамыту жұмыстары барлық жас топтарында күшейтілсін.
5. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа ұқыпты қарау және еңбек дағдыларын дамыту жұмыстары тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктірілсін.
6. Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, «Заң мен тәртіп» қағидаттарын іске асыру, адалдық, әділдік, жауапкершілік және өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
7. Балалар арасында буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынас пен өзара сыйластықты қалыптастыру, әр баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
8. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» бағыты бойынша балалардың еңбекке оң көзқарасын қалыптастыру және мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерін кеңейту жұмыстары жүргізілсін.
9. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сай тиімді пайдалану жұмыстары жалғастырылсын.
10. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану барысында ақпараттың дұрыстығын тексеру, академиялық адалдықты сақтау, балалардың жеке деректерін қорғау және авторлық құқық талаптарын сақтау қамтамасыз етілсін.
11. Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары белгіленген талаптарға сәйкес әзірленіп, сапалы жүргізілсін.
12. Осы педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Педагогикалық кеңес төрайымы:

M. Musaeva

Мусаева А.А.

Хатшы:

A.K. Selbaeva

А.К.Сельбаева